

"Алматы қаласында қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару" жобасын іске асыру үшін Алматы қаласы Әкімінің заемдық қаражатын тарту туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық мәслихатының IX сессиясының 2001 жылғы 4 сәуірдегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 26 сәуірде N 334 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 8 шілдедегі N 456 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXV сессиясының 2011 жылғы 8 шілдедегі N 456 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару туралы" Z010148_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық М ә с л и х а т ы

ш е ш і м қ а б ы л д а д ы :

1. Алматы қаласының Әкіміне Қазақстан Республикасының қолданымдағы Заңына сәйкес "Алматы қаласында қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару" жобасын іске асыру мақсатында 20000000 (жиырма млн) АҚШ доллары сомасында заем қаражатын іске асыруға рұқсат етілсін.

2. 2001 жылға арналған Алматы қаласының бюджетінде бір жолғы комиссияны төлеуге байланысты, төлем сәтінде Ұлттық банктің бағамы бойынша 131964 (жүз отыз бір мың тоғыз жүз алпыс төрт) АҚШ доллары көлемінде 2001 жыл үшін пайызды өтеу және резервке қою үшін шығындар қ а р а с т ы р с ы н .

3. Алматы қаласының бюджетін жасау кезінде 2002-2010 заемды қайтару жөніндегі міндеттемені өтеу кестесіне және оған қызмет көрсетуге (қосымшаға сәйкес) "Тәртіп" МКК-дан түсетін түсім есебінен қаражат қарастырылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және өндірісті дамыту мәселесі жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін (А.И.Шелипанов) және Алматы қаласының Әкімінің орынбасары М.Т.Дұлқайыровқа жүктелсін.

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының IX-сессиясының
төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының IX-сессиясының
хатшысы

II-сайланған Алматы
қалалық Мәслихаты
2001 жылғы 4 сәуірдегі
IX-сессиясының шешіміне
қосымша

КЕСТЕСІ

2001-2010 жылдардағы мерзімде Европалық Қайта құру
және даму банкісінің кредитін өтеу

Жылдар !Резервтеу !Кредиттің !Кредитті !Кредитті ! Кредитті өтеу
!үшін !негізгі !пайдалану !өтеудің ! көзі
!комиссия !сомасы !пайызының !жалпы !
! ! !сомасы !сомасы !

2001	98378	-"	33586	131964	Алматы бюджеті
2002	37500	-"	1293750	1331250	"Тәртіп" КМК
2003	-"	1333333	2070000	3403333	-"
2004		2666666	1863000	4529666	-"
2005		2666666	1587000	4253666	-"
2006		2666666	1311000	3977666	-"
2007		2666666	1035000	3701666	-"
2008		2666666	759000	3425666	-"
2009		2666666	483000	3149666	-"
2010		2666670	207000	2873670	-"

Жиыны 135878 20000000 10642336 30778214

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының IX-сессиясының
төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының IX-сессиясының
хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК